

## Төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл жасау жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарлама туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 29 қыркүйек 1994 ж. N 1081. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Халықты, шаруашылық жүргізу объектілері мен табиғи ортаны табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау саласында мемлекеттік саясат жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл жасау жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарлама бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл жасау жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаның тапсырмалары мен шараларын жүзеге асыру жауапкершілігі мемлекеттік басқару органдары мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің бірінші басшыларына жүктелсін.

Төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл жасау жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі жұмысты үйлестіру мен оның орындалу барысына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.*

N 1031 қаулысымен.

2. Облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, республиканың министрліктері мен ведомстволары Төтенше жағдайлардың алдын-алу мен іс-қимыл жасау жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаның негізгі бөлімдеріне сәйкес, орындалу мерзімдері мен материалдық және қаржылық шығындары көрсетілген нақты шараларды 3 ай мерзімде әзірлеп, бекітетін болсын.

3. Төтенше жағдайлардың зардабын жоюды жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады деп белгіленсін. Ерекше реттерде төтенше жағдайлар жан-жақты және аймақтық ауқымда болған кезде жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тиісті көмек көрсету туралы шешім қабылдайды.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.*

4. Облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері жергілікті сипаттағы төтенше жағдайлардан сақтандыру мен олардың зардабын жою үшін 1994 жылғы бастап жергілікті бюджеттердің және бюджеттен тыс көздердің есебінен қаржы, материалдық-техникалық, азық-түліктік, медициналық және басқа ресурстардың жергілікті төтенше резерв қорлары жасалуын көздейтін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі мен Қаржы министрлігі бағдарламаның шаралары жыл сайын облыс, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен, министрліктермен, ведомстволармен, мемлекеттік компаниялармен және концерндермен пысықталатынын және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқа, орта, ұзақ мерзімді болжамдарының және республикалық бюджеттің жобаларымен үйлестірілетінін ескере отырып, Төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл жасау жөніндегі ұзақ мерзімді мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 29 қыркүйектегі

N 1081 қаулысымен

Бекітілген

**Төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жасау жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарлама**

Төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жасау жөніндегі ұзақ мерзімді бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 8 шілдедегі N 1218 қаулысын орындау үшін әзірленіп:

- төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жоюдың ғылыми негіздері мен әдістерін дамытуға, тиісті нормативтік-техникалық база жасауға;

- объектілерді авариялардан, апаттардан және табиғи зілзалалардан қорғау жүйесін жетілдіруге, оларды сенімді пайдалану талаптарына сәйкестендіруге;

- төтенше жағдайлардың зардаптарын жою үшін қаржылық, материалдық-техникалық және медициналық резервтер жасауға, материалдық-техникалық базаны нығайтуға, авариялық-құтқару және авариялық-қалыпқа келтіру құрамалары жұмыстарының әзірлігі мен тиімділігін көтеруге;

- халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оны төтенше жағдайлар кезіндегі дағдылар мен ережелерді ұстауға оқытып-үйретуге, төтенше жағдайлардың қауіп туралы белгі-хабар беру жүйесінің сенімділігін көтеруге;

- төтенше жағдайлардағы алдын алу және іс-қимыл жөніндегі Республикалық кешеннің басқару, құқықтық және экономикалық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіруге;

халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруға бағытталған.

## **1. Жалпы ережелер**

### **I. Негізгі ұғымдар мен терминдер**

1. Төтенше жағдай (ТЖ) - адам және материалдық шығындарға әкелген немесе әкелетін авария, апат, табиғи немесе экологиялық зілзалаларға, эпидемияға, эпизоотияға және эпифитотияға байланысты объектіде немесе белгілі бір аумақта (акваторияда) адамдардың қалыпты өмір жағдайлары мен қызметінің бұзылуы.

Төтенше жағдайлар таралу ауқымына қарай:

- жеке мәнділікті (зардабы қондырғымен, цехпен шектеледі);
- объектілік (зардабы объектімен шектеледі);
- жергілікті (зардабы қаламен, ауданмен, облыспен шектеледі);
- аймақтық (зардабы бірнеше облыспен шектеледі);
- кең ауқымды (зардабы республиканы, немесе республиканың бір бөлігі мен шектес елдерді қамтиды) болып тармақталады.

Төтенше жағдайлар пайда болу себептері бойынша табиғи және техногендік болып бөлінеді.

2. Төтенше жағдайлардың алдын алу - төтенше жағдайлардың пайда болу ықтималдылығы мен зардаптарын болжау, төтенше жағдайлардың пайда болуының алдын алу, олар бола қалған жағдайда мүмкіндігінше шығынды шектеу немесе азайту, төтенше жағдайлардың ықтималдығы немесе сөзсіз болуы туралы басқару органдары мен халықты дер уақытында хабардар ету жөніндегі, сол сияқты оның басталуы немесе тікелей қатері туралы хабарлау жөніндегі шаралардың кешені.

3. Төтенше жағдайларды жою - адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін тікелей қауіпті жою, халықтың тұрмыс-тіршілігін қалыпқа келтіру жөніндегі авариялық-құтқару, авариялық-қалыпқа келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу.

### **II. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шаралар**

Шараларды жүзеге асыруға жауапты министрліктер, ведомстволар, облыс (қала) әкімдері

Ғылыммині, ҚазҰҒА, Экономмині, Құрылысмині, Азаматтық қорғаныс штабы, Көлік және коммуникация.

мен басқа да республикалық  
ұйымдар

лар министрлігі,  
"Қазселденқорғау" өндірістік  
бірлестігі, Қазгидромет, басқа  
да министрліктер мен  
ведомстволар, облыстардың  
(қалалардың) әкімдері,  
акционерлік және холдинг  
компаниялар, концерндер

Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шаралар халықты, шаруашылық объектілері мен жерді қауіпті табиғи және техногенді құбылыстардың зиянды ықпалынан қорғау жөніндегі іс-қимылдардың жалпы кешенінің маңызды буыны болып табылады. Бұл шаралар адамдар өмірін қауіпсіздендіруге, мүмкін залалды елеулі түрде төмендетуге, ал жекелеген жағдайларда оны толық болдырмауға мүмкіншілік береді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі шараларға қауіпті құбылыстарды ғылыми зерттеулер, оларды болжамдау, жағдайды бақылау және басқалар жатады.

## **2. Ғылыми зерттеулер**

Қауіпті табиғи және техногендік құбылыстарға ғылыми зерттеулер жүргізу қажеттілігі олардың жиі қайталанатындығы мен жеткіліксіз зерттелуіне байланысты. Зерттеулердің басты бағыттары:

- қауіпті табиғи құбылыстардың белсенділігінің даму барысына бақылау жасауды қоса алғанда, аймақтық және жергілікті геоэкологиялық мониторингтің ғылыми негіздері мен әдістерін әзірлеу;

- геоақпараттық жүйе жасау, геоэкология және қауіпті табиғи құбылыстардың ақпараттық өңдеу мен сақтау әдістерінің проблемалары бойынша мәліметтер банкілері мен білім базаларын жасау;

- қауіпті табиғи құбылыстардың және олардың қалыптасу ошақтарының к а д а с т р л а р ы н ж а с а у ;

- қауіпті табиғи құбылыстар мен техногенді апаттардың қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттеу, олардың есебі мен болжамының, алдын алу, бақылау және қорғаныс құралдары шараларының әдістерін әзірлеу;

сейсмикалық шыдамды үйлер мен ғимараттардың тиімді құрастырмалары және құрылыстардың сенімді жұмыс істеуінің есебі мен жобаларының, ғылыми негіздері мен әдістерін дамыту болып табылады.

## **3. Жағдайды байқау, бақылау, қауіпті құбылыстарды болжамдау және хабар беру**

Табиғи және өндірістік объектілердің жай-күйіне саны мен сапасы бойынша жеткілікті режимдік байқауларсыз, сол сияқты қауіпті құбылыстарды болжамдау

бойынша тиімді әдістер болмайынша төтенше жағдайлардың алдын алу мүмкін емес. Іс жүзіндегі сейсмикалық бақылаулар жүйесі бұл күнде республикада мейлінше біркелкі емес және сейсмикалық қауіп пен жер сілкінісін болжауға баға беру үшін, сол сияқты басқа да қауіпті құбылыстарға бақылау жасау үшін қажетті материалдар алудың ауқымын қамтамасыз етпейді. Олардың техникалық жабдықталуы көпшілік жағдайларда қазіргі заман талабына жауап бермейді. Сондықтан басты назар байқау жүйесі объектілерінің жаңасын жасауға және қолданылып жүргендерін жаңартуға, қауіпті құбылыстарды болжамдау мен хабарлау әдістерін әзірлеу мен жетілдіруге аударылуы тиіс.

#### **4. Бақылау тораптарын құру және дамыту**

Ұйымдық-техникалық жұмыстар мен әзірлемелері:

- сейсмикалық қауіпке баға беру, жер сілкіністерін болжамдау мен жер сілкіністерінен болатын зиянды азайту бойынша шаралар ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының ұлттық сейсмологиялық қызметін қ ұ р у ғ а ;

- сейсмологиялық байқау мәліметтерін жинау жүйесін, сондай-ақ Жердің жасанды серіктерін пайдаланып, апатты құбылыстарға жедел болжам жасауға;

- мейлінше қауіпті аймақтардағы елді мекендердің құрылысы туралы деректемелер жинау жүйесін жасауға;

- мейлінше қауіпті аймақтардағы елді мекендердің құрылысы туралы деректемелер жинау жүйесін жасауға;

- радиоактивті нәрселермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтау, радиоактивтік жұқпа байқалған кезде шұғыл қауіпсіздік шараларын қабылдауды қамтамасыз ету үшін радиациялық жағдайға бақылау жасаудың бірыңғай республикалық жүйесін құруға;

- селдік хабарлаудың автоматтандырылған жүйесін жасауға;

- гидрометеорологиялық бақылау тораптарын кеңейту мен автоматтандыруға;

- болжамдау ақпаратын жинауға арналған байланыс жүйесін жетілдіруге;

- химиялық қауіпті объектілерге, газ және мұнай кешені кәсіпорындарына, ірі гидротехникалық құрылыстарға ерекше назар аударып, мейлінше қауіпті өнеркәсіп және су шаруашылығы объектілерін бақылау мен хабарлаудың жергілікті жүйелерін паспорттау мен құруға;

- ерекше қауіпті жұқпалы аурулардың пайда болуының мүмкін ошақтары туралы деректемелер жинау жүйесін жасауға бағытталған.

#### **5. Қауіпті құбылыстарды болжаудың әдістері мен технологияларын әзірлеу және енгізу**

Бұл бағыттағы негізгі жұмыстар:

- техногенді апаттардың, мұның ішінде қосымша әсерлердің мүмкін

зардаптарына баға беру;

- табиғи және техногенді апаттардың зиянын азайту және олардың зардаптарын жою жөніндегі алдын алу шараларын жоспарлау мен ықтималдандыру;

- табиғат апаттарын болжамдаудың ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді әдістерін әзірлеу мен зиянды азайту бойынша алдын алу шаралары жоспарын ықтимал ету үшін оларды пайдалану;

- болған апаттардың мөлшерін анықтаудың, болған апаттардың зияны мен мүмкін зардаптарына баға берудің автоматтандырылған жедел әдістерін әзірлеу, мұның ішінде апат болған жерден тікелей ақпарат болмаған кезде;

- апаттардың зардаптарын жою жөніндегі шаралар жоспарын жедел іс жүзіне асыру әдістерін әзірлеу;

- табиғи және техногенді апаттарды болдырмау әдістерін әзірлеу;

### **III Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлардан болатын зиянды азайту және олардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды жоспарлау**

#### **мен жүзеге асыру**

Шараларды жүзеге асыруға жауапты министрліктер, мемлекеттік комитеттер, облыс (қала) әкімдері

Азаматтық қорғаныс штабы, Ішкіісмині, Құрылысмині, Денсаулықмині, Біліммині, Баспасөзмині, Мемматрезервкомы, Қорғанысмині, Мемсуресурскомы, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, басқа да министрліктер мен ведомстволар, облыс (қала) әкімдері, акционерлік және холдинг компаниялар, концерндер

Табиғи және техногенді авариялар мен апаттар жалпы жиынтығында адам мүмкіншілігінің шектеулігіне байланысты іс жүзінде мұғайым болдырмау мүмкін емес оқиғалар болып саналады. Алайда олардың зиянды әсері арнаулы алдын алу шараларын жүргізу есебінен елеулі түрде азайтылуы мүмкін. Бұған бірінші кезекте ұйымдық және инженерлік-техникалық қорғаныс шараларын жатқызуға болады.

Инженерлік-техникалық шараларды жүргізу инженерлік әдістер арқылы алдына авариялар, апаттар мен табиғи зілзалалар кезінде мүмкін болатын зиянды елеулі дәрежеде азайту мақсатын қояды. Бұған құрылысты сейсмикалық орнықты және үйлер мен ғимараттарды берік ету жөніндегі жұмыстар, гидротехникалық, инженерлік-геологиялық қорғаныс шаралары,



коммуникациялар жүйесін жетілдіру бойынша жұмыстар мен өндіріс объектілер жұмыстарының қауіпсіздігін көтеру жөніндегі шаралар кіреді. Бұл тым қымбат болғанымен, бірақ өзін әбден ақтайтын тәсіл болып табылады.

## **6. Төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою жөніндегі органдар мен қызметтерді құру және жетілдіру**

Төтенше жағдайларға, авариялардың, апаттар мен табиғи зілзалалардың пайда болу себептерінің алдын алуға, олардың зардаптарын жоюға шұғыл көңіл бөлу мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жөніндегі республикалық жүйе жетілдіріледі (ТЖ РЖ). Республикалық жүйені дамыту жөніндегі шаралар тізбесіне:

- авариялық-құтқару, авариялық-қалыпқа келтіру және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу үшін төтенше жағдайларды жоюға тартылған авариялық-құтқару қызметінің тұрақты түрдегі әзірлігін жасау мен қолдау;

- төтенше жағдайларға жылдам икемделетін көп салалы орталықтардың тірек тораптарының қызметін құру және қамтамасыз ету;

- шұғыл дәрігерлік көмек қызметін құру және одан әрі дамыту жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

- республикалық және облыстық жедел-құтқару жасақтарын дамыту мен жабдықтау;

- республикалық, облыстық, аудандық, ведомстволық және объектілік деңгейлерде төтенше жағдайлар жөніндегі комиссиялардың іс-қимыл жоспарын әзірлеу және оларды өзара байланыстыру;

- министрліктерде, ведомстволарда, жергілікті басқару органдары мен шаруашылық объектілерінде табиғи және техногенді төтенше жағдайлардың пайда болуының алдын алудың кешенді бағдарламасын әзірлеу кіреді.

## **7. Төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жасау бойынша халықты және мамандарды оқыту жүйесін құру**

Табиғи және техногенді апаттардан болатын республика халқының арасындағы шығынның алдын алу және азайту, республика шаруашылық кешенінің білікті мамандарға сұранысын қанағаттандыру, басқару органдарының дайындығын арттыру мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жасау бойынша халықты және мамандарды оқытудың республикалық жүйесі құрылады, ол;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жасау бойынша халықтың, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларының, жұмысшылар мен қызметкерлердің, студенттердің, оқушылардың, мектепке дейінгі мекемелер балаларының жан-жақты дайындығын қамтамасыз етуді және олардың

дайындығына бақылау жасауды жүзеге асыруды;

- жергілікті жағдайлар мен қазіргі заман талаптарын ескере отырып, төтенше жағдайлардағы халықтың, мамандардың, барлық деңгейдегі мамандардың дайындығы жөнінде оқу бағдарламалары мен әдістемелерін, оқу құралдарын, компьютерлік жүйелерді Қамтамасыз ету мен ендіруді;

- оқу-материалдық базасын жетілдіруді, бейне техникаларды, компьютерлік және автоматтандырылған оқу жүйелерін ендіруді;

- халықтың, мамандардың, барлық деңгейдегі басшылардың төтенше жағдайлардағы іс-қимылының дайындығына арналған өндірістік тренажерлерді жасау мен игерудің кешенді бағдарламасын әзірлеуді;

- төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл және азаматтық қорғаныс бойынша жоғарғы оқу орындарында республиканың шаруашылық кешеніне арналған мамандар, ал гуманитарлық жоғары оқу орындарында "Тіршілік қызметінің негіздері" бойынша оқытушылар даярлауды;

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық үлгідегі жоғары оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында, мектепке дейінгі мекемелерде, басшы қызметкерлер мен мамандардың біліктілігін көтерудің республикалық салааралық институтында оқу жоспарында дифференциалды сағат санымен "Тіршілік қызметінің негіздері" курсы енгізуді;

- төтенше жағдайлар проблемалары бойынша оқу кино және бейнефильмдердің, мультфильмдердің қажетті санын, тақырыптамасы мен тиражын белгілеуді, оларға тапсырысты, төтенше жағдайлардағы халықтың және басшылардың әзірлігі мен іс-қимылының тақырыптамасы бойынша қажетті шетел бейнефильмдерін сатып алуды, оны қазақ және орыс тілдеріне аударуды ұйымдастыруды;

- төтенше жағдайлар жағдайында халықтың, барлық деңгейдегі басшылардың практикалық іс-қимылдарды игеруге бағытталған оқуларды әзірлеуі мен жүргізуі жөніндегі бірыңғай әдістемелерді жасауды;

- төтенше жағдайлардың алдын алу мен іс-қимыл және азаматтық қорғаныс жөніндегі республикалық жүйенің оқу тәжірибе кешенін құруды;

- азаматтық қорғаныс институтын және республиканың облыстары мен қалаларында оның бөлімшелерін ашуды;

- төтенше жағдайлар пайда болған жағдайда, жергілікті жағдайларды есепке ала отырып, халықтың барлық деңгейдегі басшылардың, жұмысшылар мен қызметкерлердің, оқушы жастардың, мектепке дейінгі балалар мекемелері балаларының іс-қимылын жетілдіру жөнінде сейсможаттығулар мен жаттығулар және оқулардың басқа да түрлерін жүйелі түрде ұйымдастыру мен жүргізуді;

- төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға халықты оқыту жөнінде жыл сайын





Қауіп-қатер және апаттар мен табиғи зілзалалардың зардаптарын жою кезіндегі азаматтық қорғаныс жөніндегі күштер жүйесін республиканың авариялық-құтқару қызметін қалыптастыру мен дамыту:

- Ішкі істер министрлігінің өрт сөндіру бөлімдері мен авариялық-құтқару бөлімшелерін; министрліктің, ведомстволар мен кәсіпорындардың мамандандырылған авариялық-құтқару және авариялық-қалыпқа келтіру бөлімшелерін; әскери бөлімдерді және азаматтық қорғаныстың әскериленбеген құрамаларын; денсаулық сақтау министрлігінің шұғыл дәрігерлік көмек құрамаларын; жедел-құтқару жасақтарын, материалдық-техникалық және кадрлық жағынан нығайтуды;

- республиканың авариялық-құтқару қызметін техникамен, арнаулы құрал-жабдықпен, аспаптармен және приборлармен, мұның ішінде құтқару және авариялық-қалыпқа келтіру жұмыстарына арналған шетел өндірісі құралдарымен жаратандыруды;

- республиканың, мұның ішінде авариялық-құтқару қызметін жаратандыру үшін конверсияланған өнеркәсіп кәсіпорындарында авариялық-құтқару техникалары, құралдар мен жабдықтар өндірісінің бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асыруды;

- құтқарушылар мен мамандарды шетелде оқыту мен тәжірибеден өткізуді көздейді.

### **10. Төтенше жағдайларда пайдаланылатын байланыс және телекоммуникациялар құралдары жүйесін жетілдіру**

Төтенше жағдайлардың алдын алу, олардың зардаптарын тоқтату және жою жөніндегі шаралардың жүзеге асырылуын мемлекеттік басқарудың республикалық орталық органдарының облыс, қажет болғанда қалалық және аудандық әкімшіліктермен және республикалық министрліктер және ведомстволармен, өнеркәсіп және көлік-энергетика кәсіпорындарымен, әртүрлі деңгейдегі кезекші қызметтермен және ТЖ зардаптарын жоюға тартылған күштермен байланыс орнату үшін ТЖ комиссияларымен өзара іс-қимыл болғанда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін. Байланыс және телекоммуникациялар жүйесін дамыту;

байланыс пен хабар берудің іс жүзіндегі барлық, мұның ішінде ведомствоаралық, ведомстволық, әскери және арнаулы бағыттағы жүйелермен үйлестіру мен өзара іс-қимылды ұйымдастыруды;

қажетті жабдықтарды, байланыс құралдарын, мұның ішінде арнаулы байланысқа арналған телекоммуникацияларды алу мен пайдалануға енгізуді;

ТЖМК, ТЖК мүшелері мен ТЖАҚ қызметтері, басқару органдары мен штабтардың басшыларына арналған жеке радиобайланыс пен радиоіздістіру

хабарын берулердің жеке құралдарымен қамтамасыз етуді;

- жылжымалы жедел топтары (штабтары), мобильді байланыс тораптары және басқалары бар радиобайланыстың соталық жүйелерін енгізу мен пайдалануды қамтамасыз етуді;

- "Волна" ("Волна-П") схемасы бойынша төтенше жағдайларға арналған радиобайланысты, мұның ішінде аймақтық радиобайланысты, командалық - штабтық машиналар мен байланыстың жылжымалы тораптарын жетілдіру мен ж а ң ғ ы р т у д ы ;

- радиобайланыстың төменгі және аймақтық құралдарын, мұның ішінде ТЖ аудандары мен авариялық-құтқару және қалыпқа келтіру бөлімшелерінің жол үстіндегі маршруттарында радиобайланысты қамтамасыз етуге арналған командалық-штабтық машиналар мен жылжымалы байланыс тораптарын ж е т і л д і р у д і ;

- құжаттау жүйесі бар дауыскүшейткіш байланыстарды енгізу мен оқиға орнынан тікелей келіп түсетін бейнеақпаратты пайдалануды;

баспасөзде арнаулы бағыттағы байланыс құралдарын  
жарияланбайды енгізуді, ТЖ байланыс жүйесін жетілдіру  
кезінде мемлекеттік құпияларды қорғауды  
қамтамасыз ету мақсатында ақпарат пен  
ақпарат қауіпсіздігін және т.б. қорғау  
жөнінде арнаулы әдістер мен ережелерді  
б е л г і л е у д і ;

ТЖМК, ТЖК, байланыстың сандық торабындағы кезекшілік қызметтердің абоненттерінің, телеграф және телефон байланысының, мұның ішінде келешегі бар "Атлас" және ТМД АОАЖ деректемелерін беруге арналған байланыс каналдарының автоматты түрде коммутаторланатын абонемент желілерінің іске қ о с ы л у ы н қ а м т а м а с ы з е т у д і ;

баспасөзде төтенше жағдайларда халық пен мемлекеттік  
жарияланбайды басқару органдарын хабарландыру мәселелерін  
кешенді шешу мақсатында 1994-1995 жылдарға  
арналған "Арал-93" хабарландыру мәселелері  
жөніндегі арнаулы мемлекеттік бағдарламада  
көзделген шараларды жүзеге асыруды;

ТЖРК байланысын ұйымдастыру жөнінде қосымша ережелердің әзірлемелері мен байланыс түрлеріне, жүйе торап, канал, кешендерді пайдалану принциптеріне және ТЖ байланыс құралдарына талаптарды, байланыс жүйелері дайындығының әртүрлі режимдерінде байланыстың әр түрін берудің және байланыс жүйесін басқарудың қосымша тәртібін, лауазымды адамдардың қосымша міндеттері мен тірек тораптары мен тіке байланыс бағыттарына

дәнекер қосымша желілерді қамтамасыз етуді;  
баспасөзге төтенше жағдайлардағы басқару бойынша  
жарияланбайды Қазақстан Республикасы басшылығының  
қызметін қамтамасыз етуге арналған  
байланыс, телекоммуникациялар мен  
хабарландыру құралдарымен, жағдаяттар  
залдарымен және шұғыл кезекшілік  
қызметімен, ұжымдық пайдаланудағы  
ақпараттық көріністеу құралдарымен,  
ақпараттық-есептеу тораптарымен және т.б.  
("Алатау-ТЖ") жағдаяттық орталық құруды  
қарастырады.

### **11. Төтенше жағдайлар жөніндегі автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесін құру (ТЖ ААБЖ)**

Төтенше жағдайлар жөніндегі республикалық автоматтандырылған ақпараттық-басқару жүйесі, ТЖРРЖ-нің аса маңызды құрамдас бөлігі болып саналады және ол республикалық, облыстық, ведомстволық және объектілік буындарды қоса алғанда оның барлық деңгейіндегі, басқару және ақпараттық қамтамасыз ету процестерін автоматтандыруға арналған.

Т Ж А А Б Ж ;

- мемлекеттік және салалық басқару органдарының, мониторингтің, мемлекеттік, аумақтық және салалық жүйелері мен құралдарының, сондай-ақ төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға арналған басқару органдарының күштері мен құралдарының ақпараттық-техникалық түйісімін қамтамасыз ету;  
- шешімдер қабылдауда ақпараттық және интеллектуалдық қолдау жасауды қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

ТЖ ААБЖ-ны құру мен дамытудың негізгі бағыттары:

- төтенше жағдайлардағы алдын алу және іс-қимыл жөніндегі күштер мен құралдарды басқарудың әдістерін, жоспарларын, схемаларын әзірлеу;  
- есептеу және қабылдау-тарату жобалау (техникалық базаны жетілдіру телекоммуникациялар жүйесін жасау мен қолдау);  
- мониторингтің автоматтандырылған жүйесін құру және модерлендіру;  
- бағдарламалық-технологиялық база жасау;  
- деректемелер мен білімдемелер жүйесін жасау;  
- проблемалық-бағдарламалық ақпараттық технологиялар құру болып табылады.

Техникалық базаны жетілдіру:

- ТЖКМ есептеу тораптарын (республиканың мемлекеттік басқару органдарының қала сыртындағы басқару пункті торабын қоса алғанда), республика аумағында төтенше жағдайларда іс-қимылды қамтамасыз етуге арналған жағдай орталығын, республиканың Азаматтық қорғаныс штабын, ақпараттық-техникалық орталық (АТО) құруды, жабдықтау мен техникалық қызмет көрсетуді;

- ақпарат және байланыстың жылжымалы пункттерінің бағдарламалық-техникалық комплекстерін (бұйымдарын) жасауды;

- байланыстың коммутаторланған және берілген телефон каналдары бойынша ТЖМК, облыс әкімшіліктерінің, министрліктер мен ведомстволардың есептеу тораптарының арасындағы төтенше жағдайлар жөніндегі деректеме базаларына телекоммуникациялық қол жетушілікті ұйымдастыруды;

- радио және спутниктік байланыс каналдары бойынша ТЖ туралы деректемелерді республикалық компьютераралық беруді ұйымдастыруды қарастырады.

Мониторингтің автоматтандырылған жүйесін құру мен модерлендіру өз қызметінде:

- компьютераралық байланыс каналдары бойынша қоршаған ортаның жай-күйі жөніндегі мониторинг деректемелерін беру жүйесін әзірлеуді;

- космостық байланыс пен компьютерлік технология негізінде республикада жұмыс істеп тұрған сейсмологиялық бақылау тораптарын (сейсмостанцияларды, обсерваторияларды, бақылау пункттерін) модерлендіруді;

- селді хабарлайтын автоматтандырылған спутниктік жүйе құруды көздейді.

Бағдарламалық-технологиялық база жасау үшін;

- жүйелі бағдарламалық қамтамасыз етуді, тораптық бағдарламалық қамтамасыз етуді, қолданбалы бағдарламалардың телекоммуникациялар құралдарының сервистік пакеттерін қоса алғанда, есептеу тораптарының жұмыс істеуі мен пайдаланылуы үшін ақпараттар мен қолданбалы лицензиялық бағдарламалық құралдарды өңдейтін озық технологияларды алуды;

- есептеу тораптарының жұмыс істеуінің бейімделуі мен ортақ жүйе құралдарының қоса жүруін көздейді.

ТЖ ААБЖ деректемелері мен білімдемелері базасының жүйесін қалыптастыру:

- деректемелер мен білімдемелердің тақырыптық базаларын жобалау, ақпараттық көрсеткіштердің жиынтық және абоненттік тізбесін қоса алғанда, табиғи зілзалалар, ірі авариялар мен апаттар бойынша бөлінген республикалық мәліметтер банкісінің қызметін құру мен қолдауды;

- төтенше жағдайларды басқару жүйесіне арналған деректемелер базасын жасауды;

- ТЖРЖ басқару моделі мен жай-күйі бойынша білімдемелер базасын жасаудың сараптама жүйесін әзірлеу;

- сейсмикалық мониторингтің, табиғи мониторингінің, мейлінше қауіпті объектілер мониторингінің, ерекше қауіпті жұқпалы аурулардың мүмкін ошақтары жай-күйінің мониторингінің деректемелік және білімдемелік базасын ж а с а у д ы ;

- геоэкология проблемалары бойынша мәліметтер банкі мен білімдемелер базасын ж а с а у д ы талап етеді.

Проблемалық-бағдарламалық ақпараттық технологияны қалыптастырудың құрамдас бөліктері болып:

- ТЖРЖ республикалық, облыстық, ведомстволық, объектілік буындарына арналған төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша мамандардың автоматтандырылған жұмыс орындарын құру;

- ТЖРЖ автоматтандырылған қызметтік міндеттерін әзірлеу;

- ТЖ ААБЖ аумақтық буындарының үлгі жобаларын әзірлеу;

- ТЖ ААБЖ қызметтік ведомстволық міндеттерін әзірлеу;

- шаруашылық кешенінің объектілеріндегі авариялар кезінде хал-ахуалды бағандау мен шешімдер қабылдауды қолдаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу болып табылады.

ТЖ ААБЖ негізгі қызметтік жүйе тармағының құрамына:

- инфрақұрылымның жай-күйі мен халықтың тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету жүйесі үшін хал-ахуалды байқау мен бақылау;

- қауіпті құбылыстар мен олардың зардаптарын болжамдау;

- ТЖ алдын алу жөніндегі ұйымдастыру шаралары;

- ТЖ жеңу жөніндегі органдар мен қызметтер құру;

- ТЖРЖ материалдық-техникалық және қаржылық базасын жасау;

- ТЖ зиянын азайту жөнінде инженерлік-техникалық шаралар;

- ТЖ зардаптарын жою кіреді.

## **12. Сейсмикалық төзімді құрылыс және үйлер мен ғимараттарды сейсмикалық жағынан күшейту**

Қазақстан Республикасының сейсмикалық аудандары республика аумағы жалпы алыңының 20% шамасын құрайды. Қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар, бағалы шикізат және энергетикалық ресурстардың болуы бұл аудандарда республиканың өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы әлеуетінің елеулі бөлігінің шоғырлануына әкелді. Мұнда өнеркәсіптік өндірістік негізгі қорларының 30% жуығы жиналған және ауыл шаруашылығы өнімінің жылдық көлемінің 30% жуығы өндіріледі. Тұрғын үй қорының 35% астамы орналасқан, онда елдің халқының 40% жуығы тұрады.

Күшті жер сілкіністерінің пайда болу ықтималдылығы өсуіне байланысты,



мүмкін жер сілкіністерінен адамдар өмірі мен материалдық құндылықтар үшін қауіпті төмендету жөніндегі мақсатты бағытталған жұмысты одан әрі жеделдету керек. Республикада қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалды ескере отырып, республикалық бюджеттен де, жергілікті бюджеттерден де министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражаттарынан да, сол сияқты азаматтардың жеке қаражаттарының есебінен жүргізіліп жүрген қаржылық қамтамасыз ету саясатын қайта бағдарлау қажет.

Жер сілкіністер кезінде халықтың, шаруашылық объектілерінің қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шаралар мынадай бағыттарды қарастыруы тиіс:

- жаңа құрылысты үйлер мен ғимараттардың сейсмикалық беріктігін қамтамасыз ету;

- қазір бар құрылыстардың үйлері мен ғимараттарының сейсмикалық беріктігі мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- республика аумағын сейсмикалық шағын аудандастыру.

Сейсмикалық берік құрылысты ғылыми-техникалық әзірмелерге:

- сейсмикалық аудандарда құрылыс жұмыстары есептерінің, жобалануы мен өндірісінің нормативтік базаларын жасау;

- сейсмикалық берік құрылыстың тәжірибелік-экспериментальдық базасын дамыту оны қазіргі заманғы, мұның ішінде шетел зерттеу құралдарымен жабдықтау;

- республиканың ресурстық мүмкіншіліктеріне бағдарланған өнеркәсіп үйлері мен ғимараттарының жаңа сындарлы шешімдерін әзірлеу;

- республикадағы жаңа тұрғын үй саясатын ескере отырып, тұрғын үй және әлеуметтік, мәдени-тұрмыс объектілеріне арналған үйлердің жаңа құрастырмаларын әзірлеу;

- эксперименталды жобалау мен құрылысты дамыту кіреді.

Қазір бар құрылыстың үйлері мен ғимараттарын сейсмикалық жағынан күшейту тұрғын үй, әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық тұрғыдағы объектілердің, өндірістік үйлер мен республиканың сейсмоактивті аудандары аумағындағы құрылыстардағы сейсмикалық берік ғимараттардың сейсмикалық төзімділігін қамтамасыз ету жөніндегі әдістер мен тәсілдерді әзірлеуді көздейді.

Сейсмикалық шағын аудандастыру жұмысы:

- елді мекендердің аумақтарының сейсмикалығын нақтылау;

- құрылыс үшін мейлінше күмәнді аумақтардың сейсмикалығын айқындау;

- аномальды кернеулі белсенді аймақтардың (геодинамикалық аймақтар) сейсмикалығын зерттеуді қарастырады.

### **13. Гидротехникалық және инженерлік-геологиялық қорғаныс шаралары**

## Б ұ л ж ұ м ы с т а р :

- ағын суларды жинағыштарды пайдаланудың сенімділігін арттыру жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруды;

- ірі су қоймалары плотиналарының және басқа да су шаруашылығы құрылыстарының оларды су тасқындары шайып кетуін немесе өзге де табиғи зілзалалар қиратуын болдырмау мақсатында ескіштері мен төменгі беткейлерін нығайту жөніндегі инженерлік-техникалық шаралар жүргізуді;

- Каспий теңізі деңгейінің көтерілуіне байланысты шаруашылық объектілерін, елді мекендерді су басу мен су астында қалудан қорғау жөніндегі шараларды;

- бекітілген бас қорғаныс схемаларына сәйкес республиканың әртүрлі аудандарында селге қарсы және басқа да қорғаныс құрылыстарының құрылысын;

- іс жүзіндегі селге қарсы кешендер мен басқа да қорғаныс құрылыстарының пайдалану сенімділігін арттыру жөніндегі шаралар комплексін орындауды қарастырады.

## 14. Коммуникациялар жүйесін жетілдіру

### Жүк тасымалдау көлемін ұлғайтуды, көліктің қозғалыс

қауіпсіздігі мен көліктегі төтенше жағдайларды азайтуды қамтамасыз ету ү ш і н :

- жаңа теміржолдар құрылысын жүргізу;  
- Ұзынағаш-Қапшағай учаскесінде айналма темір жолды жобалау мен құрылысын жүргізу;

- Шу-Алматы-Сарыөзек, Екібастұз-Павлодар, Тобыл-Железнодорожное теміржолдары учаскелерін электрлендіру;

- республикалық және жергілікті мәндегі, автомобиль жолдарының құрылысын жүргізу және қайта құру;

- көпірлердің құрылысы және өткізу қабілеті мен жүк көтерімділігін арттыру;

- теміржол және автомобиль жолдарының жүк тасымалы ауыр тоғыстарына жолға шығарып салу құрылыстарын;

- әуе көлігіне арналған қозғалысты басқарудың автоматтандырылған жүйесінің бірыңғай орталығын құру;

- сейсмикалық қауіпті аймақтардағы аэродромдарға баратын резервтік жолдардың құрылысын;

- жекелеген цистерналар мен ақаулар табылған кезде (күшті әсер ететін улы заттардың ағуы, булануы) мейлінше қауіпті жүктері бар теміржол составтарының уақытша тұратын (сақталатын) аудандары мен нақты орындарын белгілеу мен жабдықтау және апаттық жағдайларды және оның зардаптарын жою жөніндегі басқа да шаралар жүргізу көзделеді.

Алматы қаласында Көлік және коммуникациялар министрлігінің орталық басқару пунктін ұйымдастыру. Дербес энергия көздері жетіспейтін сейсмикалық қауіпті аймақтарда орналасқан байланыс объектілерін жарақтау.

### **15. Қауіпті өндірістік объектілер бойынша шаралар**

- газбен жабдықтау жүйесі қызметінің орнықтылығын арттыру;
  - газ толтыру станцияларын қайта құру;
- Алматы қаласының сейсмикалық сызатты аймақтарындағы сұйытылған газдың топтық резервуарлық жарасты қоймаларын бөлектеу;
- сұйық хлорды сақтауға арналған қоймаларды жобалау мен қайта құру;
- мейлінше қауіпті объектілерде қорғаныс және авариялық жағдайларды жою жүйесін жетілдіру, технологиялық қауіпсіздікті арттыру;
  - өрттерді болдырмау бойынша шаралар жүргізу;
- мұнай және газ өнеркәсібі объектілеріндегі төтенше жағдайлардың зардаптарын шұғыл жою жөнінде сенімді қорғаныс құру мен практикалық шаралар әзірлеуді қарастырады.

### **IV. Төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жасау жөніндегі республикалық жүйені құқықтық жағынан қамтамасыз етуге арналған заң актілерін дайындау**

Шараларды жүзеге асыруға жауапты министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар	Әділетмині, Азаматтық қорғаныс штабы, Ішкіісмині, Экономмині, Денсаулықмині, Әлеуметмині, басқа да министрліктер мен ведомстволар, облыс (қала) әкімдері
--	--

Ірі авариялар, экологиялық апаттар мен табиғи зілзалалар кезіндегі халықтың қауіпсіздігін, экономиканың орнықтылығы мен қоршаған табиғи ортаны қорғауды қамтамасыз ететін процестерді мемлекеттік басқару бүгінгі күнге дейін негізімен алғанда әкімшілік әдістермен жүзеге асырылып келді.

Нарықтық қатынастардың дамуы және республиканың мемлекеттік егемендігі мен тәуелсіздігін жүзеге асыру бұл жұмыстың сенімді құқықтық қамтамасыз етілуін, заңдық реформалар процесінде құқықтық реттеудің өз алдындағы бір саласы - төтенше жағдайлардағы алдын алу және іс-қимылдың ерекше болуын табанды түрде талап етеді.

Аталмыш жұмысты жүзеге асыру мақсатында төтенше жағдайлардың алдын алу және іс-қимыл жөніндегі республикалық жүйені құқықтық қамтамасыз етуге арналған бірқатар заң жобаларын әзірлеу көзделіп отыр.

**О л а р д ы ң і ш і н д е г і :**

- авариялардан, апаттар мен табиғи зілзалалардан халықты, табиғи орта мен шаруашылық жүргізуші объектілерді қорғау туралы;

- авариялық-құтқару қызметі туралы;
- құтқарушының мәртебесі туралы;
- азаматтық қорғау туралы;
- радиациялық қауіпсіздік туралы заңдар бірінші кезектегі болып саналады.

Аталған пакеттерді, сол сияқты бірқатар қосымша заң жобаларын жүзеге асыру халықты, табиғи ортаны және шаруашылық объектілерін төтенше жағдайлардан қорғаудың негізгі принциптерін орнықтыруға, авариялық-құтқару және қалыпқа келтіру жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін жеделірек шешуге мүмкіндік береді.

#### **V. Халықаралық ынтымақтастық**

Шаралардың жүзеге асырылуына жауапты министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар

Ұлттық ғылым академиясы, Біліммині, Табиғи зілзалалардың қаупін азайту бойынша БҰҰ-ның халықаралық Онжылдығын өткізу жөніндегі республикалық комитет, Азаматтық қорғаныс штабы, басқа да министрліктер мен ведомстволар, облыс (қала) әкімдері

Қауіпті табиғи және техногенді құбылыстар кең ауқымда таралу мәніне ие. Әлемнің көптеген елдерінде үлкен тәжірибе жинақталған және табиғи зілзалалар мен апаттардан қорғау жөнінде практикалық шаралар жүргізіліп келеді.

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1989 жылғы 22 желтоқсандағы 44/236 қарарымен 90-шы жылдары табиғи зілзалалардың қаупін азайту жөніндегі халықаралық Онжылдық деп жариялады.

Төтенше жағдайлардағы іс-қимылды жетілдіру мен табиғи зілзалалардың зардаптарын жұмсартуға және оларға әзірлікті ұлттық деңгейде қамтамасыз етуге Онжылдықтың маңызды үлес қосуға қабілеті барлығын мойындап, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында республиканың халықаралық Онжылдыққа қатысуы және тиісті бағдарламаларды орындауы бойынша пікірлер мен ұсыныстамаларды әзірлеу жөніндегі бас үйлестіру ұйымының қызметі беріліп, табиғи зілзалалардың қаупін азайту бойынша БҰҰ-ның халықаралық Онжылдығын жүргізу жөніндегі республикалық комитет құрылды.

Халықаралық ынтымақтастық шараларын жүзеге асыру:

төтенше жағдайлар саласында Қазақстан Республикасы қол қойған халықаралық келісімдер мен конвенциялардан туындайтын міндеттемелерді орындауға тараптардың қатысуының шарттары мен тәртібін дайындауды;

Қазақстан Республикасының халықаралық конвенцияларға қосылуын және

оны жүзеге асыру жөнінде практикалық шаралар қабылдауды;

А л ғ а ш қ ы к е з е ң д е б ұ л :

- трансшекаралық мағынадағы қоршаған ортаға ықпалға баға беру туралы  
К о н в е н ц и я ( 1 9 9 1 ж ы л ) ;

- өнеркәсіп апаттарының трансшекаралық ықпалы туралы Конвенция (   
Х е л ь с и н к и , 1 9 9 2 ж ы л ) ;

- Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлардың алдын алу және  
зардаптарын жою саласында маманданған халықаралық ұйымдарға кіру; олар -  
Азаматтық қорғаныстың халықаралық ұйымы (АҚХҰ), Біріккен Ұлттар  
Ұйымының Дамыту бағдарламасы (БҰҰДБ);

- мемлекетаралық және халықаралық ауқымда деректемелердің  
салыстырмалылығын қамтамасыз етіп, төтенше жағдайлардың зардаптарын  
бағалаудың ортақ тәсілдерінің, бірыңғай әдістемелерінің, өлшемдері мен  
процедураларының келісілген саясатын әзірлеуді;

- төтенше жағдайлар саласында үйлестірілген іргелі және қолданбалы  
зерттеулер жүргізуді, мемлекетаралық (халықаралық) ақпараттық жүйені құру  
м е н ж ұ м ы с і с т е у і н ;

- төтенше жағдайларды болжамдаудың, олардың зардаптарын бағалаудың,  
авариялық-құтқару және авариялық-қалыпқа келтіру жұмыстарын  
ұйымдастырудың озық әдістері мен әдістемелерін әзірлеу және енгізу үшін  
шетелдік және халықаралық ұйымдарды, фирмаларды, жекелеген мамандарды  
т а р т у д ы ;

- шетел мамандарын тарту жолымен төтенше жағдайлардың, олардың алдын  
алу және зардаптарын жою проблемаларын шешуде халықаралық тәжірибені кең  
пайдалануды, Қазақстанның төтенше жағдайлар саласындағы студенттердің,  
ғалымдар мен мамандардың конференцияларға, семиналарға, симпозиумдарға  
қатысуын, біліктілігін көтеру үшін шетелге оқуға жіберілуін, тәжірибеден өтуін;

- Қазақстан Республикасында төтенше жағдайлардан қорғау мен алдын алу  
саласында нақты бағдарламалар мен жобалардың шешімін табуға көмек қорлары  
мен халықаралық ұйымдардан барынша мүмкін қаржылық қаражаттарды  
т а р т у д ы қ а р а с т ы р а д ы .

Табиғи және техногенді төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою  
саласында өзара іс-қимыл туралы көпжақты және екіжақты үкіметаралық  
келісімдерге қол қойылуды әзірлеп, қамтамасыз ету қажет.

## **VI. Қаржыландыру шарттары**

Шараларды жүзеге асыруға  
жауапты министрліктер,  
мемлекеттік комитеттер,  
в е д о м с т в о л а р

Экономмині, Қаржымині, басқа да  
министрліктер мен ведомстволар,  
облыс (қала) әкімдері

Қазақстанда төтенше жағдайлар проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастыру үшін де, сондай-ақ бағдарлама бойынша көзделген бірінші кезектегі ұйымдастыру және инженерлік-техникалық жұмыстарды орындау үшін де жеткілікті интеллектілік әлеует пен практикалық тәжірибе бар.

Өнеркәсіп авариялары мен апаттарының алдын алу, табиғи зілзалалар мен олардың зардаптарының шығынын азайту жөніндегі шараларды қаржыландыру жергілікті бюджеттер мен бюджеттен тыс қорлардан және салалық көздерден (министрліктердің, ведомстволардың, мемлекеттік және шаруашылық басқарудың басқа да органдарының резерв қорларынан, кәсіпорындардың мекемелер мен ұйымдардың жеке өз қаражаттарынан, ал ерекше жағдайларда - республикалық бюджеттің және басқа да мемлекеттік орталықтандырылған көздердің есебінен жүзеге асырылады.

Егер мүмкін төтенше жағдайлардың пайда болу тәуекелінің немесе болған авариялардың, апаттар мен табиғи зілзалалардың деңгейі таралу ауқымы бойынша жеке объектілік және жергілікті мәнді ретінде жіктелген болса, онда аумақтық және салалық көздер төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды орындауды қамтамасыз ететін көлемде қалыптасады.

Өндірістік объектілердің, технологиялық желілердің пайдалану қауіпсіздігі мен оларда төтенше жағдайлардың пайда болуының алдын алу жөніндегі шаралар кәсіпорындар мен ұйымдардың есебінен қаржыландырады.

Республикалық бюджеттен және басқа да мемлекеттік орталықтандырылған көздерден қаражат жүргізілген ғылыми-техникалық, ғылыми-практикалық, жобалау-іздігіру, ұйымдастыру және инженерлік-техникалық шаралардың республикалық немесе Қазақстанның бірнеше аймағы үшін ортақ мәні бар болған жағдайларда бөлінеді.

Бағдарламаның қаржылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті белгілейді.